



БҰЙРЫҚ

29.08.2024
Қазығұрт с.м

ПРИКАЗ

25.83
с.Қазығұрт

Мектепшілік бақылауды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 06 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар туралы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 07.08.2023 жылғы №248 бұйрықтарын басшылыққа ала отырып **Бұйырамын:**

Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын орындау білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, сақтау, нормативтік құқықтық актілерді орындау, білім беру қызыметін жетілдіру, оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру педагогтердің кәсіби деңгейін жетілдіру оқушылардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін сақтау, жалпы білім беретін пәндерді оқытудың деңгейін көтеруді жүзеге асыру жұмыстарының жүргізілуін қамтамасыз ету мақсатында төмендегі іс – шаралар жүргізілсін:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс- шаралардағы көрсеткіштері негізінде, мектепшілік бақылау мен басшылықты ұйымдастыру мен оқушылардың білім сапасын қамтамасыз етуде жеке жауапкершілікті арттыру;
2. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуіне үнемі бақылау жасау
3. Білім сапасы мен пәндердің оқытылуын зерделеу барысында мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік деңгейіне ерекше назар аударылсын;
4. Жалпы білім беретін пәндерді оқыту сапасы мен оған бақылау жасау мақсатында мектеп әкімшілігінің сабақтарға және сыныптан тыс шараларға қатысу нормасының қатаң сақталуын қамтамасыз ету; Қатысқан сабақтар мен ісшараларды талдау сапасы арттырылсын;
5. Оқу процесінің сапалы ұйымдастырылуына мектепшілік бақылау Қазақстан Республикасы оқу - ағарту министрлігінің нұсқауына сәйкес жүргізілсін:
 - Мектеп әкімшілігі үшін сабақтар мен сыныптас тыс іс - шараларға қатысу және талдау директорға айына 3 сағат, директордың орынбасарларына 8 сағат;
 - Пән бойынша оқу бағдарламаларының орындалуы токсанына 1 рет зерделеу, оқу жылына 4 рет;
 - Пәндер бойынша тақырыптық күнтізбелік, орта мерзімді жоспарлауды оқу жылында 2 рет;
 - Қысқа мерзімді жоспарлауды күнделікті немесе аптасына 1 рет (1 аптаға арналған жоспарларын);
 - «BilimClass» электрондық - ақпараттық жүйесінің жүргізілуі аптасына 1 рет ақпарат алынып мониторингі жүргізілсін;
6. Білім беру мазмұны мен оны ұйымдастыруға мақсатты, нақты бақылау жасау қамтамасыз етілсін. Пәннің оқытылу жайын зерделеуде басты мәселе сабақтың мазмұнына, оқушылармен істелетін жұмыстардың түрлеріне, оқу бағдарламасының талаптарына сай білім

